## Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Монғолия үкіметаралық комиссиясын құру туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қыркүйек 1993 ж. N 932. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен ~P020594

Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Монғолия үкіметаралық комиссиясын құру және оның функциялары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасындағы келісімге сәйкес және Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасында қол жеткен уағдаластықтарды жүзеге асыру және өзара тиімді

ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Монғолия үкіметаралық комиссиясының Қазақстан жағы мына құрамда бекітілсін:

Комиссияның тең төрағасы:

Крепак П.И. - Қазақстан Республикасының Еңбек министрі
<*>

Комиссияның мүшелері:

Әбдіқамалов - Экономика министрлігінің аймақтық саясат
Оралбай Әбдіқамалұлы басқармасының бастығы
Әбітаев - Экономика министрінің орынбасары
Есберген Әбітайұлы
Әлпиев - Мәдениет министрінің орынбасары
Төлеубек Нығметұлы

| | |
|---|---|
| Ауанов Мырзахмет Қожахметұлы | - Қаржы министрінің орынбасары |
| Бітімбаев Марат Жақыпұлы | - Өнеркәсіп министрінің орынбасары |
| Володина Людмила Федоровна | - Ұлттық банктің валюталық-экономикалық қатынастар бас басқармасының бастығы (келісім бойынша) |
| Жақыпбеков Жаңбырбек Жақыпұлы | - Әділет министрлігінің мемлекетаралық және сыртқы экономикалық байланыстарды құқықтық қамту басқармасының бастығы |
| Жұмина Роза Әлиқызы | - Экономика министрлігінің алыс сырт елдермен экономикалық байланыс басқармасы бастығының орынбасары |
| Коструба Петр Иванович | - Сыртқы экономикалық байланыстар министрінің орынбасары |
| Құлтаев Амантай Құлтайұлы | - Ауыл шаруашылығы министрлігінің экономикалық бас басқармасының бастығы |
| Мәлімбаев Марат Сұлтанұлы | - Геология және жер қойнауын қорғау министрінің орынбасары |
| Омаров Қайыр Рахметжанұлы | - Сыртқы істер министрлігі Азия басқармасының бастығы |
| Сәрсеков Бексұлтан Сәрсекұлы | - Ішкі істер министрінің орынбасары |
| Сәрсенбаев Серік Сәмекеұлы | - Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының Сыртқы байланыстар бөлімінің аға референті |
| Тайғашинов Жамантай Дәуренбекұлы | - Көлік министрінің орынбасары |
| Үсенов Алмасбек Садықұлы | - Сауда министрінің орынбасары |
| Шкляр Виктор Владимирович | - Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы бастығының орынбасары |
| Мұқанов Мақсат Нұрдәулетұлы | - Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің Азия және Тынық Мұхит аймағы елдерімен сауда-экономикалық байланыстар басқармасының жетекші-сарапшысы (комиссияның хатшысы) |

Ескерту. Комиссия құрамына өзгеріс енгізілді -ҚРМК-нің 1995.

07.17. N 986 қаулысымен.
P950986_

Ескерту. Комиссия құрамына өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.07.N 980 қаулысымен.
P960980_

2. Үкіметаралық комиссияның Қазақстан жағына, қажет болған жағдайда, тұрақты комиссиялар құру, олардың құрамын, функцияларын және жұмысының негізгі бағыттарын анықтау құқығы берілсін.

3. Министрліктер, ведомстволар, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері комиссияның қызметіне барынша жәрдемдесетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК